

Бекітемін:
ЖТДО «Рауан» бөбекжай бақшасының

меңгерушісі: Дошимова С.С.

« 24 » 2024ж



**2024-2025 оқу жылына арналған «Жұлдыз» мектепалды тобының ата-аналар
жиналысының хаттамалары**

Тәрбиешілер: Күшербаева Н.Б

2024-2025 оқу жы

10.10.2024жыл

Жұлдыз мектепалды тобының ата-аналар жиналысының №1 хаттамасы

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 10

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтау.
2. Іскерлік ойын: «Бір шаңырақ астында, тату тәтті тұрамыз»
3. «4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері»
4. Ұйымдастырылған оқу қызметімен таныстыру, бағдарламаның мазмұнымен қысқаша таныстыру.
5. Ата – аналар комитетін сайлау.
6. Ағымдағы мәселелер.

Тақырыбы:

«4-5 жастағы балалардың мінез-құлық ерекшеліктері» жөнінде түсінік беру, ұсыныстар айту.

Мақсаты: Баланың жас ерекшелігіне қарай өзгерісін оң қабылдап, шыдамдылықпен дұрыс бағыт беруге атсалысу. Бұл ретте, ата анамен тәрбиешілер тығыз байланыста болуы, екеуара қарым-қатынасты нығайтып дамыту.

1. Жаңа оқу жылымен құттықтау. Балабақша меңгерушісі және әдіскері
2. Дошимова С.С., Жубаниязова Т.Ж. Тәрбиеші: Кушербаева Н.Б.
3. Іскерлік ойын: «Бір шаңырақ астында, тату тәтті тұрамыз»

Мақсаты: Жаңадан келген балалардың ата-аналарымен танысу. Ойын арқылы жағымды атмосфера тудырып, бала, тәрбиеші, ата-ана үштігінің беріктігін нығайту. Сыйластықта болуға тәрбиелеу.

4. «4-5 жастағы балалардың мінез-құлқының ерекшеліктері» кеңес оқу.

Топ тәрбиешісі: Кушербаева Н.Б.

5. Үлгілік оқу бағдарламасымен таныстыру. Бағдарламаның мазмұнымен қысқаша танысу.

Әдіскер: Жубаниязова, топ тәрбиешісі: Кушербаева Н.Б.

6. Ата – аналар комитетін сайлау:

1. Ибраимова Ж.Н.
2. Мергенбаева Ж.М.

Жиналысқа қатысушылар бір ауыздан жоғары да аталған ата-аналарды қолдады.

7. Ағымдағы мәселелер қарастырылды:

Оқу процесі ертеңгілік жүретінін, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 мин екенін айтып өту. Режимнің сақталуын ескерту, кешікпеулерін өтіну.

Шешімі:

Балалардың жас ерекшелігіне сай өзгерістеріне тәрбиесіне көңіл бөлу. Тәрбиешілер мен ата – аналар тығыз қарым-қатынаста болуға, бағдарламаның мақсатына жету үшін бала тәрбиесіне бірігіп күш салу, жұмыс істеуге шешім қабылданды.

Төрайымы: Мергенбаева Ж.М.

Хатшысы : Кушербаева Н.Б.



05.12.2024жыл

«Жұлдыз» мектепалды тобының ата – аналар жиналысының № 2 хаттамасы.

Қатысқаны : 15

Қатыспағаны : 5

Тақырыбы: Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы.

Мақсаты: Отбасы мен балабақша ынтымақтастығының оңтайлығы туралы түсінік беру.
Ата-аналармен қарым-қатынасты нығайту.

Күн тәртібінде:

1. Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы туралы баяндама.
2. Өз балаңызды жақсы білесіз бе? Сұрақтар
3. Ағымдағы мәселелер.
4. Балалардың денсаулығына арналған кеңестер.

Барысы:

Тәрбиеші: Құрметті ата аналар, мен сіздерді көргеніме қуаныштымын!

Ұлы Абай: «Бір ғана қуанышым бар Ол – менің балаларым» - деген екен. Әрбір ата-ана баласының денсаулығы мықты , ең жақсы болуын,өсуін арман етеді. Менің ойымша құрметті ата-аналар, сонымен қатар оны жақсы адам болып өсуін арман ету керек, ол адамдарға және қоғамға келтіріп «Адам деген жоғары атаққа ие болып барлық өмір тіршілігінің сынақтарынан сүрінбей өтіп, жетістіктерге жетеді» «Біз балаларға ұқсамаймыз, балалар бізге ұқсайды» дейтін белгілі тәсіл бар.

1.Бүгінгі «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбындағы жиналысқа қош келдіңіздер! (Баяндама оқылады.)

2.«Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» Ата- аналарға сұрақтар жазылған қағаз оқимын. Сұрақтарға ата-аналар жауап береді.

Берілген сұрақтарға ойланбастан бірден жауап беріп отырған ата-аналарды мадақтау. Ал жауап беруге қиналған ата – аналарға болашақта балалармен тығыз байланыста болу керек екенін ұсыныс беру.

3.Ағымдағы мәселелер қарастырылады:

1. Балалардың тәртібі, белсенділігі, оқу қызметтері деген ынтасы, қызығушылығы туралы айтып өту. Режимнің сақталуын ескерту, кешікпеулерін өтіну.
2. Топта киетін киімдері, дене шынықтыруда киетін киімдері туралы айтылды.
3. Ата-аналар өздерін мазалап жүрген сұрақтарын қойып, жауап алып отырды.
4. Балалардың денсаулығы туралы кеңестер.

. Қыс кезінде балалардың жылы, қалың киініп жүруі.

2. Түрлі балалар ауруларының алдын алу және дәрумендер беру.

3. Балалардың тамақ рационын дұрыстау, көбірек жеміс-жидек, көкөністер беру.

Шешімі:

Отбасы мен балабақшаның ынтымақтастығының оңтайлылығын түсіне отырып, біздің болашағымыз балалардың – ақылды, тәрбиелі, жаңашыл, көпшіл, бауырмал, жан-жақты тұлға ету үшін – бала тәрбиесіне бірігіп күш салу барынша жұмыс істеуге шешім қабылданды.

Төрайымы: Кушербаева Н.Б.

24.05.2025жыл

«Жұлдыз» мектепалды тобының ата-аналар жиналысының № 3 хаттамасы.

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 4

Күн тәртібінде:

1.Оқу жылының аяқталуымен құттықтау,оқу жылы барысында жеткен жетістіктер туралы, балалардың білім-білік деңгейі тәрбиесінднгі өзгерістер туралы қысқаша айтып өту.

2. Іскелік ойын «Сынақ»

3.Балаңыз мектепке дайын ба? Баяндама оқу.

4.Жазғы жұмыс жоспарына тоқталып, түсінік беру,ата-аналар тарапынан жасалатын міндеттер туралы айту.

5. Ата-аналар комитетінің жасалған жұмыстарының есебін тыңдау.

6. Ағымдағы мәселелер.

7. Марапаттау.

Төрайымы : Кушербаева Н.Б.

Тақырыбы: «Біз мектепке дайынбыз»

Мақсаты: Оқу жылы барысында жүргізілген жұмыстар турасында, жеткен жетістіктер кездескен қиыншылықтар, алға қойған мақсат туралы ата-аналарды хабардар қылу.

Жиналыс барысы:

1.Тәрбиеші: Кушербаева Н.Б.оқу жылының аяқталуымен құттықтап, оқу жылының барысында жеткен жетістіктер туралы,балалардың білім-білік деңгейі, тәрбиесіндегі өзгерістер туралы қысқаша айтып өтті.

2. Іскерлік ойын: «Сынақ»

Тақырыбы: Ата-аналарға арналған «сынақ» білік ойыны.

Мақсаты: а)баланың дамуына теріс ықпал ететін жолдардың алдын алу.

ә) бала тәрбиелеу сапасының аз да болса,жоғарылауына ықпал ету.

3.Балаңыз мектепке дайын ба? Баяндамасы тыңдалады.

4. Тәрбиешілер жазғы жұмыс жоспарына тоқталып,түсінік берді, ата-аналар тарапынан жасалатын міндеттер туралы айтып өтті.

5.Ата-аналар комитеті төрайымы Мергенбаева Ж.М. жасалған жұмыстарының есебі тыңдалды.

6.Ата – аналар өздерін мазалап жүрген сұрақтарын қойып, жауап алып отырады.

7. Ата-аналар комитетінің төрайымына, топ өміріне белсенді араласқан ата-аналарға топ үшін жасаған еңбегі үшін алғыс айтылып, алғыс хатпен марапатталады.

Шешімі: Балалардың әр бірінің мүмкіндігіне қызығушылығына қарай, тәрбиесіне көңіл бөліп, дамыта түсу. Тәрбишілер мен ата-аналар тығыз қарым-қатынаста болып, ортақ, игі мақсатқа жету жолында, бала тәрбиесіне бірігіп күш салып, әрі қарай жұмыс жасай беруге шешім қабылданды.

Төрайымы: Кушербаева Н.Б.